



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

2017 жылғы « _____ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

« _____ » _____ 2017 года
№ _____

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа

2017 жылғы 25 қазанда
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Біз, Парламент Мәжілісінің депутаттары, 2017 жылғы 6 қыркүйекте биыл мектеп бітірген түлектерге жоғары оқу орындарында білім алу үшін бөлінген мемлекеттік білім беру гранттарын үйлестіру ісі қоғамда көптеген наразылық тудырғандығы жөнінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.А. Досаевтыңатына депутаттық сауал жолдаған едік. Алайда, оған 2017 жылғы 6 қазанда № 20-34/2440 хатпен «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығының сақталуы және лауазымды қызметкерлерге қатысты жауапкершілік шаралары жоғары оқу орындарына қабылдау бойынша жыл сайынғы мониторинг шеңберінде ағымдағы жылғы қазанда қаралатын болады деп сырғытпа жауап берілген. Осыған байланысты аталған мәселелерге нақты жауап алынбағандықтан, осы сұрақтарды Сізге жолдаймыз.

Атап айтқанда, біріншіден:

1. Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік білім гранттарын тағайындау жөніндегі конкурстық комиссиясы қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алмай, енді ғана дайындалып жатқан заң жобасына сілтеме жасап, заңды бұзушылыққа неліктен жол берді?

2. 2017 жылғы 26 шілдедегі Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 446 қаулысы бойынша да грант бөлу конкурсындағы "Алтын белгі" иегерлерінің басымдық құқығы сақталған. Ендеше Министрліктің заңсыз шешімі қандай құжатқа негізделген?

3. Бірінші тізімде грант тағайындалып, екінші тізімде грантқа ілінбеген талапкерлердің мәселесі қалай шешілді? Еліміздің бір жоғары оқу орнына

түсушілер тізімінен алынып тасталып, басқа өңірлердегі жоғары оқу орындарына жіберілген талапкерлердің әлеуметтік жағдайлары ескерілді ме?

4. Неліктен кейбір медициналық мамандықтар бойынша бөлінген мемлекеттік тапсырыстың медициналық жоғары оқу орындарының арасындағы бөлінісі құжаттар тапсыру аяқталуына 1 күн қалғанда жарияланды? Бұқаралық ақпарат құралдарында таралған ақпаратқа сәйкес медициналық жоғары оқу орнына түсуге «Алтын белгі» иегерлеріне берілген 220 грантты Денсаулық сақтау министрлігі бір күнде жарамсыз етіп тастағанын қалай түсінуге болады?

5. Грант бөлу кезінде екі түрлі бұйрық шығарып, қателік жіберген Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерінің жауапты қызметкерлері қандай жауапкершілікке тартылды?» деген сұрақтарға мардымды жауап берілген жоқ.

Бұған қоса, қазір Білім және ғылым министрлігі екінші тізімге сәйкес бөлген 1486 грантты қаржылық қамтамасыз ету мәселесі «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджетті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бюджет екінші нақтылаудан өткеннен кейін ғана шешілетіндігі белгілі болып отыр. Олай болса, Білім және ғылым министрлігі Үкімет Қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру гранттарының көлемін негегенізісіз, өз бетінше көбейтіп жіберді деген сұрақ туындайды. Мұның өзі бюджет заңнамасын бұзушылық болып саналмайды ма?

Екіншіден, Е.А. Досаев мырзаның атынан жолданған ресми жауапта «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына» деп жазылып, депутаттық сауалға қол қойған депутаттардың ешқайсысының аты-жөні аталмаған, немесе тізімі берілмеген. Сондай-ақ аталған жауапты дайындаған орындаушының аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілмеген. Мұның өзі Парламент депутаттарын сыйламаушылық белгісі ғана емес, сонымен қатар, айтылған ресми жауап («*Кейбір нұсқаулықтарды бекіту туралы*» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 168 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесінде іс жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 44 тармағын және «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығының 28 және 39 тармақтарын) бекітілген іс жүргізу қағидаларына сай дайындалмаған.

Сізден жоғарыда айтылған мәселелерді қарап, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қолдануыңызды сұраймыз.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 27-ші бабына сәйкес жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Қазақстан Халқы
Ассамблеясының мүшесі**

**«Халық коммунистері»
фракциясының мүшесі**

Ә. Бектұрғанов

К. Мұсырман

Б. Хаменова

Ж. Нұрманбетова

А. Тасболатов

Н. Жұмаділдаева

И.Смирнова

✉ *Шалхарбаев Азамат.*

☎ 8(7172) 746203

✉ Shalharbaev@parlam.kz